



Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

Газет 1934 жылғы 1 қазаннан шығады

№42 (10 245)

11 қазан

жұма

2024 жыл

aksuoniri@mail.ru

ҚАЗАҚТЫҢ ІРІЛЕРІ, АБАЙДЫҢ ІНІЛЕРІ



ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ӘБІЛХАН ҚАСТЕЕВТІҢ ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Жуырда Жетісу облысының Талдықорған қаласында Қазақстанның Халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің ескерткіші орнатылды, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Қола мүсін Көркемөнер галереясының ауласына қойылды. Суретшінің 120 жылдығына арналған бұл мереке ескерткіштің шымылдығын түсіріп, алдына гүл шоқтарын қоюдан басталды.

Мерейтойлық шараларға Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев, мемлекет және қоғам қайраткерлері Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов, Қазақстанның Халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы, көрнекті қылқалам шеберінің қызы Гүлдария Қастеева, Қазақстан Суретшілер одағының басқарма төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, зиялы қауым өкілдері, жалпы облыс жұртшылығы қатысты.

Құттықтау сөз алған Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев мерейтойлық шаралардың маңызына тоқталды:

— Жетісу — қашанда қасиетті



өнердің киелі бесігі болған өлке. Осы өңірдің төл перзенттерінің бірі де бірегейі Әбілхан атамыз – қазақ халқының кәсіпқой көркемсурет өнерінің тұма бастауы, тұңғыш суретшісі. Ол сурет өнерінде қарапайым өмір философиясына, ұлттық дүниетанымға арқа сүйеді,

сол арқылы туған халқының тарихы мен өмір салтын бейнелеп берді. Өмір қысқа болғанмен, өнер мәңгілік. Қанша ғасыр өтсе де, Әбілхан Қастеевтің есімі тарихта алтын әріптермен жазылып, суретшінің бай мұрасы елдің асыл қазынасы ретінде ұрпақтан ұрпаққа

жете беретіні сөзсіз, — деген Б.Исабаев ескерткіштегі суретші бейнесін жеткізу идеясының авторы көрнекті ғалым Мырзатай Жолдасбековке, мүсіншілер Ринат Абенев пен Ербол Зиябековке жетісулықтардың атынан шынайы ризашылығын білдірді.

Мұнан соң көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Ұлттық ғылым академиясының академигі Мырзатай Жолдасбеков, мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов, Қазақстан Суретшілер одағының басқарма төрағасы Өмірбек Жұбаниязов, көрнекті суретшінің қызы Гүлдария Қастеева да көпшілікке арнап мерекелік лебізін білдірді.

Бұл ретте журналистермен тілдескен Әбілхан Қастеевтің немересі Сауран Қастеев атасының жолын қуып, көркемсурет өнерін таңдағанын айтты. Ескерткіштің ашылуынан кейін қонақтар Көркемөнер галереясының ішінде Ә.Қастеевтің 120 жылдығына арналған экспозициялық көрмені тамашалап, суретшінің 9 картинасының түпнұсқасын көрді.

Бұдан әрі мерейтойлық жиын

І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында «Тұғыры биік тау тұлға» атты республикалық конференциямен жалғасты. Конференцияға жиналған қауымды облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады. Басқосуда Қазақстанның Халық жазушысы Бексұлтан Нұржекеұлы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері және Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Махамбет Сейсенхан, Жанұзақ Мүсәпір, өнертанушы Әйгерім Еспенова, Ә.Қастеев музей-үйінің жетекшісі, қастеевтанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Нұразхан, Ә.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің директоры Гүлайым Жұмабекова баяндама жасап, Халық суретшісінің еңбектеріндегі этнографиялық бағыттарға тоқталды, оның бүгінгі сурет өнерінің дамуына тигізген ықпалы туралы сөз қозғады.

Сондай-ақ, сахна төрінде мерейтойға арнап шығарылған қылқалам шеберінің өмірі мен өнер жолына қатысты «Әбілхан Қастеев», «Өмір мектебі» кітаптарының тұсауы кесілді.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Суреттерді түсірген: Жеңіс ЫСҚАБАИ.

ҚР Орталық референдум комиссиясының ҚАУЛЫСЫ

2024 ЖЫЛҒЫ 6 ҚАЗАНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМДА ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

«Республикалық референдум туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 31, 33 - баптарына сәйкес және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумақтық референдум комиссияларының дауыс беру нәтижелері туралы ұсынған хаттамаларының негізінде Қазақстан Республикасының Орталық референдум комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Республикалық референдумның дауыс беру қорытындылары бекітілсін:

1) референдумға қатысу құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы саны - 12 284 487;

2) дауыс беруге қатысқан азаматтардың саны - 7 820 204 немесе 63,66 пайыз;

3) референдумға қойылған мәселенің оң шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны - 5 561 937 немесе дауыс беруге қатысқандардың 71,12 проценті;

4) референдумға қойылған мәселенің теріс шешімін жақтап дауыс берген азаматтардың саны - 2 045 271;

5) жарамсыз деп танылған бюллетеньдердің саны - 130 267.

Орталық референдум комиссиясының референдум қорытындылары туралы ресми хабарының мәтіні қосымшаға сәйкес бекітілсін және хабар бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Төраға Н.Әбдіров
Хатшы М.Ерман

Астана қаласы,
2024 жылғы 8 қазан №48/60.

Жетісуда "BIKEN FEST - 2024" Халықаралық театр фестивалі басталды

Бүгін Талдықорған қаласында «BIKEN FEST - 2024» Халықаралық театр фестивалі басталды. Халық әртісі, КСРО және Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, көрнекті театр және кино актрисасы Бикен Римованың атындағы бұл өнер мерекесіне елімізбен қатар Қырғызстан, Грузия, Түркияның театр ұжымдары қатысады. Талдықорған драма театрында өткен іс-шараның ашылу салтанатында көпшілікті Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады, — деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

— Ерекше талантымен ел есінде қалған Халық әртісі Бикен Римова апамыздың атындағы бұл фестиваль биыл екінші мәрте ұйымдастырылып отыр. «Өнерде шекара жоқ». Бұл шараға қатысуға аулы - жақын шет мемлекеттерден айтуды театр ұжымдары келіп отыр. Жетісу облысы үшін ғана емес, еліміздің рухани өмірі үшін бұл фестивальдің орны бөлек. Ортақ өнердің мерейін асырып, көрермендердің ыстық ықыласына бөлене беріңіздер. Баршаңызға шығармашылық табыс, фестивальда сәттілік тілеймін, — деді Б.Исабаев.

Атап өтсек, 7-10 қазан аралығында төрт күн бойы Грузияның В.Гуния атындағы Поти мемлекеттік драма театры, Түркияның Эрзурум мемлекеттік театры, Қырғызстанның Қ.Жантөшев атындағы Ыстықкөл облыстық музыкалық драма театры, сол сияқты Қазақстаннан С.Қожамқұлов



атындағы Ұлытау облыстық қазақ музыкалық драма театры, Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры, Жамбыл облыстық орыс драма театры, Б.Омаров атындағы «Жас сахна» театры, Бикен Римова атындағы Талдықорған драма театры — жалпы саны 8 театр өнер көрсетеді. Қойылымдар Талдықорған театры мен Д.Рақышев атындағы облыстық филармонияның ғимараттарында өтеді. Бұл ретте өнертану ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстанның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Тұңғышбай Жаманқұлов төрағалық ететін сыншылар алқасы жұмыс істеп,

қойылымдарға кәсіби талқылау жасап отырмақ. Оның мүшелерінің сапында елімізбен қатар Татар және Грузин мемлекеттік театрларының белді өкілдері де бар.

Еске салсақ, бұл Халықаралық театр фестивалі Жетісу облысы әкімінің бастама-сымен Бикен Римованың 100 жылдығына орай өткен жылы тұңғыш рет өткізілген болатын. Биыл екінші жыл қатарынан ұйымдастырылып отыр.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.
Фотосуреттерді түсірген: Жеңіс ЫСҚАБАИ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Еңбегі жасқа да үлгі,
көпке де үлгі

Жас кезінен елі үшін еңбекке араласып, бейбіт күнде ерен еңбегімен еліне жақсы танылған, елдің тірегіне айналған еңбек адамы туралы айтатын болсақ, мемлекеттік қызметтегі басшы ретіндегі еңбек жолы – керемет көшбасшылықтың, зор кәсіпқойлықтың және туған елге адал қызмет етудің үлгісі болған. Салмақты шешім қабылдау қабілеті, ұжымды қолдау және оны жаңа биіктерге жетелеуі еріптестер мен серіктестердің шынайы құрметіне ие болған нағыз еңбек адамы, иә, мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Кемелұлының биылғы Жолдауында айтылған «Адал өрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс», - деген сөзіне өбден лайық, еліне адал еңбек етіп, бүгінде зейнеткерлікке шығып отырған Дәулетбекова Күләйхан Тұрсынбекқызының мемлекеттік қызметтің дамуына қосқан үлесі ерекше. Осы еңбектері ерекше бағалануы көптеген медальдар мен марапаттарға ие болған ауданымыздың «Құрметті азаматы» Күләйхан Тұрсынбекқызын көпшілік ауданымыздың қайраткері, ғұмырын аудан болашағына арнаған зиялы азамат ретінде таниды. Ендеше, өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде аудан халқының игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да, қиын салаларын атқарған абырой - беделін өткен жылы алпыстың асқарына шыққанда апайы, әріптесі, Ақсу, Сарқан аудандарының «Құрметті азаматы» Орал Сердалықызының тапсырмасымен, сол кісілердің атынан айтқан ойларын өлеңмен өрнектеп жазған едім. Ендеше, өз өлеңім болғандықтан сол өлеңді бүгінгі мақалама тірек етіп отырғанды жөн көрдім. Сол өлеңді былай бастап едім:

Оймен өтсек сараптап өткен ізді,
Жаңа бұзған құрсаулы көк темірді.
Тәуелсіздік алған жыл ең алғашқы,
Дипломмен Күләйхан көшке кірді.

Еңбегі жасқа да үлгі, көпке де үлгі,
Сіңліміз келді басып өкшемізді.
Біздер мақтан тұтамыз қиын шақтан,
Еңбекпенен есейіп өскен қызды.

Мектептегі мұғалім, тарихшы қыз,
Сол кезде – ақ, мықтылықты
таныттыңыз.

Қызылту Кеңесіне депутат болп,
Халықтың жағдайына қанықтыңыз.
Иә еңбек жолын Алматыдағы Қыздар Мемлекеттік педагогикалық институтын тарих пәнінің мұғалімі мамандығына бітіріп, өзінің өскен ауылы Қызылтудағы, түлеп ұшқан алтын ұясы Ғ.Мұратбаев атындағы орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастайды. Мектепте қызмет ете жүріп, 1989-1990 жылдары ауылдық Кеңес депутаты құрметіне ие болып, сол жылы балама дауыс беру арқылы аудандық комсомол комитетінің үшінші хатшысы болып сайланады. Мен оны осы өлеңде былай келтіріпін:
Бір орында қалдырмай жақсы білім,

Алдыңғы әпкелердің бастың ізін,
Халық қолдап, балама дауыс беріп,
Саған сенді комсомол хатшылығын.

Комсомолға үшінші хатшы болып,
Жастардың қолыңа алдың
басшылығын.
Қолыңнан келгенінше көмек жасап,
Заманның білдірмедің тапшылығын.

Бұл жұмыс бүгінгі жастар ісі, Осылай болды еңбек басталысы. Жастардың ісін алға дөңгелеттің, Сондықтан болдың елдің мақтанышы. Одан кейін 1992 – 1997 жылдары аудан әкімі аппаратының бас маманы, 1997 – 1998 жылдары аудан әкімі жанындағы жастар ісі, туризм, спорт бөлімінің, 1997 – 2001 жылдары аудан әкімі аппаратының ішкі саясат, 2001 – 2004 жылдары аудандық мәдениет және спорт бөлімін, 2004 – 2008 жылдары аудандық ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінде, 2008 – 2012 жылдары аудандық білім бөлімінің басшысы болды. 2012 жылдан 2022 жылға дейін табаны күректей он жыл «Нұр Отан» ХДП аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, 2023 жылы партияның аты «AMANAT» болып ауысқанда партия филиалының атқарушы хатшысы болғанын аудан халқы жақсы біледі.

Мен осы кезеңдерін де өлеңде әдемі келтіріп айтыппын:
Осылай өсті елдің мақтанары,
Жалындап көкке өрледі жастар әні.
Бес жылдай одан кейін әкімдікте,
Аппараттың болдыңыз бас маманы.

Жастар ісін, туризм, спортты,
Жаңғыртқанда мерейің құс боп ұшты.
Ішкі саясат, мәдениет және тілдер,
Біріктіріп ұстадың үш жорықты.

Үлгі болар ісің көп бүгінгіге,
Айналып көп басқардың білімді де.
«Нұр Отан» партиясын абыроймен,
«AMANAT» қып өткіздің жүгін міне.

Енді бүгін атқарған кезекті ісің,
Ел басқарар інің көмекшісің.
Жаңа басшы ел жүгін бірге арқалар,
Қасына алды ақылшы, кеңесшісің. –
деп жалғастырып, аудан әкімінің идеология саласы бойынша орынбасары болғанын айтыппын.

Енді міне осындай абыройлы еңбегімен Күләйхан Тұрсынбекқызын аптаның басында туған күніне байланысты аудан активінің алдында аудан әкімі Тынышбаев Берік Тынышбайұлы құттықтап, жүрекжарды жылы лебізін жеткізіп, арқасына камзол шапанын жауып, еңбек демалысына шығарып салды.

Жиында аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Амангелді Айтбаев, Әжелер кеңесінің төрайымы Бақыт Құрманғалиева, аудандық мәслихат төрағасы Бейбіт Сүлейменов, округ әкімдері атынан Берік Нұрахметов, аудандық білім бөлімінің басшысы Айдынбек Құмарбекұлы, жастар атынан аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дархан Қожабергенов т.б. да құттықтап, гүл шоқтарын сыйлады.

Ербол СЫМХАНОВ.

Даналықтың алтын кілті - ата - бабаларымыз. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі күнгі ақсақал аталарымыз бен ақ жаулықты әжелеріміз. Ата- әжелеріміз туралы жүрекжарды ойыммен бөліскім келіп отыр. "Қария" деген сөз елдің басы болу, ақылын айтар дана болу, ел төрінде құрметке бөлену, ас бергенде немерелерінің үлесін бөлер қамқоршысы. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге ақылын айтар елі мен жерінің

Қанабеков Тұрсынбек ағамыз. Темірден түйін тіккен, Күреңбелде кезінде техника, комбайндардың ақауын жөнге келтіріп тоқтамай еңбек етуіне ерекше үлес қосқан Көрім ағамыз. Жоғарыдағы үлкен аға төтелеріміздің санын толықтыра беретін аға, тәте, замандастарымыз жетіп артылады. Бүгінгі күні алдыңғы буынның іздерін басып келе жатқан егін салып малшаруашылығы нда тынбай еңбек етіп келе жатқан аулымыздың



кеңесшісі. Қазақтың әр отбасында арқа тұтар ата - әжелері бар. Олардың әрбір айтқан гауһар тасқа бергісіз ақылдары жас ұрпақтың өсіп - өркендеуіне өте мол үлесін тигізеді.

Арсыз күлкің тыылмас, жылауың да,
Айтысың да басылмас, ылаңың да.
Араздасып ағайын кетер еді,

Бір қария болмаса бір ауылда – деген бір ауыз өлең жолдары бүгінгі алдыңғы буын аға - төтелеріміздің өмір жолдарынан сыр тастағандай әсер қалдырып, өзің күй болған өмір жолдарын еріксіз еске түсіреді екен! Сол ағаларымыздың алды бүгінгі күндері 90-ға таып қалыпты. Сүйектері асыл алтынның сынығындай болған, кешегі Отан соғысы кезінде балалықтарын өткізіп белдері еңбекпен қатайған бүгінгі қариялары қасиетті Қапал өңірінде баршылық. Көзін сипап ашқаннан қара жұмысқа араласып, кейінгі ұзақ жылғы өмірін кезіндегі "Пламя революция" бертін "Күреңбел" ұжымшарында соңғы күніне дейін еңбек етіп, қаламсабы қолынан түспей есеп қисабына, үлкен ұжымшардың ұйымдастыру жұмысын арнаған Өлтәй (Алмұханбет) Елесбаев ағамыз. Ес біле келе темір тұлпарды тізгіндей жүріп қолынан күрек түспей, қара күштің иесі болған, шаруашылықта да тұтынушылар саласында (Райпо) тынымсыз еңбек еткен Оматай Мыңжасаров ағамыз. Бүгінгі күнге дейін балаларына көмектесіп Өлтәй ағаларымыз қатарлас Айсерік Ысқақов ағамыз кішігірім темір тұлпарын тізгіндеп шөп науқанында жастардан қалыспай еңбек етеді.

Ұзақ жыл аулымыздың жарық беру жүйесінде тынымсыз еңбек еткен Қылыбаев Кеңес ағамызды қазағамыздың Миңурины десе артық айтпағаным. Соңғы кезге дейін бос жатқан сай саланы игеріп жеміс - жидек ағаштарын егіп, өсіріп баптаумен айналысты. Ер азаматтардан қалыспай әр салада еңбек етіп үлгілі ұрпақ тәрбиелеген төтелерімізде Қапал жерінде жетіп артылады. Ұзақ жыл тынбай ұстаздық еткен ардагер ұстаздарымыз Мәйкебала Қаңтарбаева, Бақыт Жұматайқызы, Бану Хасенова төтелерімізден, замандастарымыз Орынбаева Шакура, Сәуле Нысанқожановадан білім алған 100-ген шәкірттері Қазақстанның түкпір - түкпірінде әр салада қызмет етіп, еліміздің өркендеуіне елеулі үлес қосуда. Жиенқожанова Зәғипа, Тойғанбаева Тыныштық төтелеріміз тыйған еңбек ете жүріп бүгінгі күнге үлгілі ұрпақ өсірді. Ұзақ жыл мал шаруашылығында тынымсыз еңбек еткен

зейнеткер азаматтарын атап өтуге болады. Әділбеков Құдайберген, Қылыбаев Батырбай, Желдіханов Сарқанбай, Сабыр. Ер азаматша еңбек етіп жүрген төтеміз Нүсіпова Қанипа, Қапалдың өсіп өркендеуіне ерекше еңбек сіңіріп жүрген Мұсанов Қалқабай, Валишанов Болат. Ұзақ жыл сауда саласында кәсіпкерлікпен елеулі еңбек етіп келе жатқан зейнеткерлеріміз Жиенқожанова Кустай төтеміздің Валишанова Люба, Әбішова Сәулелердің еңбектері ауыл тұрғындарының ризашылығына бөленуде.

Желдібаев Сарқанбай, Баянов Сағымқан, Құрманғалиев Сабыр. Қапал ұжымшарында ұзақ жыл жүк жатқалында еңбек етіп бүгінде жеке шаруаны тізгіндеп отырған зейнеткерлер, ағайынды Исаевтар әулеті. Соңғы уақытқа дейін ер азаматтармен қатар жеке шаруа қожалығын жүргізіп келе жатқан зейнеткер Нүсіпова Қанипа төтеміз қашанда ауыл тұрғындарының жан айқайларын шешуге белсене араласып жүреді.

Қазан айының басында қарттар күні атап өтіліп көп ұзамай ұстаздар күні жалғасын тауып осы қазан айы тұтастай осы саладағы ардагерлер мен ұстаздарды ұлықтап атап өтуге арналып келе жатқан дәстүр болып кетті. Аулымыздың қадірменді қариялары мен ардагер ұстаздары туралы әр қайсысы туралы ұзын сонар лайықты әңгіме жазудың өзі аздық етеді. Мұндағы атап өтілген аға тәте, замандастарымыздың кейбіреуі азды - сазды еленген болып жатса да көпшілігі еленбей қалып келеді. Жылы сөз, елеп - ескеру әр зейнеткердің көңіліне жылу сайлайды. Ол ешқандай қосымша қаржыны қажет етпейді. Шығын шығармайды. «Жақсы сөз, жарым ырыс», - деп қазақ бекер айтпайды ғой. Ауыл әкімшілігі ұйымдастырып, үлкен дастархан жайып, үлкендерімізді құрметтеп, іс - шараны атаусыз қалдырмады. Рахмет!

Дегенмен бұданда жоғары деңгейде атап өтуге ауыл «Ардагерлер» ұйымы белсенділік көрсетсе нұр үстіне нұр болатыны жақ!

Аулымыздың еңбек ардагері ретінде барлық қарияларымызды, еңбек ардагерлерін, ардагер ұстаздарымызды атап өтіліп жатқан мейрамдарымен құттықтап өткім келеді. Дендеріңіз сау болып, ұрпақтарымыздың қызығын көріңіздер дегім келеді.

Ақылбай ТАСБАТЫРОВ,
еңбек ардагері.

ҚАРТТАРЫМ АМАН САУМЫСЫҢ?



Дүниеге келер бір рет Дария кеуде, тау мүсін Құрыштан құйған құдірет, Қарттарым аман саумысың? Хан төңірінің мұзбалағы Мұқағали атамның жырына арқау болған ақылы дария қарияларымыздың халықаралық мерекесі де келіп жетті. Осыдан 34 жыл бұрын, яғни, 1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында Бас Ассамблея 1 қазанды «Халықаралық Қарттар күні» деп жариялаған болатын. Бұл мереке ХХ ғасырда пайда болды. 80 жылдардың аяғынан бері бүкіл әлемде қарттар күні атап өтіліп келеді. Бұл мерекенің басты мақсаты - аз қамтамасыз етілген қарт адамдарға, жалғызбасты қарт зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету болып табылады. Бұл күні біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір - түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп отырады. Қария деген сөз елдің басы болу, ақылын айтар дана болу, ел төрінде

құрметке бөлену, немерелердің қамқор болу. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге ақылын айтар елі мен жерінің кеңесшісі. Қазақтың әр отбасында арқа тұтар ата - әжелері бар. Олардың әрбір айтқан ақылдары жас ұрпақтың өсіп-өркендеуіне мол үлесін тигізеді. Ата-әжесі бар үйдің балалары да өзгеден ерек, қариялардың ыстық алақанынан мол татып, жауһар сөздерін саналарына сіңіріп өскендігі білінеді. Есік дәстүр - салтымыздан таймай, есті құрыптармен немерелерін, нағыз қазақтың салтын сақтар бабалардың жолыменен жүретін өр рухты қазақты тәрбиелеп өсіреді. Сондықтан да болар, "Қарты бар үй, қазыналы үй", - деп бекер айтылмаса керек. Ескінің көзін көрген аталарымыз мамандық алмасуда, өмірден көрген-білгенімен дәрігер де, мұғалім де, емші де бола білген. Кейбір насихат әңгімелерін жер жүзін жеті рет айналып шықсаң да кезіктіре алмайсың. Қазақтың ұлттық құндылықтарымен астасып жатқан, адамгершілік қасиеттерге баулитын қарттарға арналған мерекеді қарияларға қамқор болу,

құрметтеу, қорған болу міндетіміз. Өйткені, қарттар –қазынамыз, өмірден көргені мен түйгені көп, ел үшін ондаған жылдар бойы еңбек етіп тәлім мен тәжірибені бойына жиған қарияларымыз жас ұрпақты отаншыл етіп тәрбиелеуде, қоғамдағы бірлік пен ынтымаққа белсенді үлес қосушылар.

«1 Қазан – Халықаралық қарттар күні» мерекесіне орай Ақсу ауылында ауыл қарттарының басын қосқан салтанатты, мерекелік – мәдени іс - шара өткізілді. Шара барысында, ауылымыздың ардагері, ақын, жазушы, «Таңжарық» қоғамдық қорының мүшесі, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері» төсбелгісінің иегері Ясын Қалиақбарұлы қазыналы қарттарды құттықтап, жүрек түкпірінен шыққан өлең жолдарын арнады. Мерекелік іс - шарада қарттарға арнап әсем әндерден шашу шашылып, мәдениет үйі өнерпаздарының арнайы дайындаған концерттік бағдарламасы ұсынылып, мәдениет үйінің қызметкерлері қазыналы қарттардың көңілдерін көтеруге атсалысты. Шара соңында қазыналы қарттарымызға әкімшілік және мәдениет қызметкерлерінің естелік сыйлықтары табысталды. Ел басына күн туған, қиын - қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз қашан да аман болсын!

Мерекеді ғана емес, жылдың 365 күнінде қарияларға қамқор бола білейік!

Меруерт УАЛИ,
Ақсу ауылдық мәдениет үйінің директоры.

Қартиарымыз - қазынамыз



Неменеңе жетістің бала батыр, Қариялар азайып бара жатыр. Бірі мініп келместің кемесіне, Бірі күтіп әнекей жағада тұр, - деген өлеңді естисем қазыналарымыздың кеміп жатқаны жаныңды ауыртады екен.

Халқымызда «Қарты бар ел қазыналы ел», - деген нақыл сөз бар. Өмірден көргені мен түйгені көп ақсақалдарымызды ардақтау басты парызымыз. Қазан айы басталғалы елімізде, ауданымызда ардагерлерге құрмет көрсетіліп, 1 қазан – Қарттар күнінен бастап, 5 қазан – мұғалімдер күні мерекесі салтанатты түрде аталуда. Осы мерекелерге орай аудан әкімі Берік Тынышбайұлы ауданымыздағы еңбек ардагері 100 жастан асқан Нұрғайша апамызға арнайы барып, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың «Құттықтау хаты» мен арнайы сыйлығын табыстады.

Саналы ғұмырларында өңірдің гүлденуі үшін еңбек еткен ақ жаулықты апамызға облыс басшысының ізгі тілегін жеткізді.

Ғасыр жасаған әжеміз ақ батасын беріп, алғысын жеткізді.

Дәл осы күні аудан әкімі Берік Тынышбайұлы ауданымыздағы ардагер ұстаздардың да шаңырағында болып, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың «Құттықтау хаты» мен арнайы сыйлығын табыстады.

Бар ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ардагер ұстаздарға облыс басшысының ізгі тілегін жеткізген аудан басшысы:

«Сізді бүгінгі мерекеніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, ұзақ ғұмыр, бақ - береке, ырыс - несібе тілеймін! Қазыналы қарттарымыздың қатары ортаймасын!» - деген ізгі тілегін жеткізді.

«Төріңнен қарт кетпесін», - деп тілеген халықпыз. Жасы үлкенге құрмет ету, қарттың бүгілген беліне сүйеу болу – біздің ежелгі дәстүріміздің ерекшелігі. Аманатты ақтау – өз болашағыңды сақтау. Өрине, қарттықты бас-тан кешіру – табиғи заңдылық. Ал, қарттардың тілегі – ел амандығы, жұрт тыныштығы. Қазыналарымыз аман болсын!

Өз тілшімізден.

Электрондық үкімет порталы не үшін қажет?

Электронды Үкімет бағдарламасы бүгінгі таңда қай салада болса да өзінің оң нәтижелерін бере бастады. Алайда, электронды жүйенің қызмет көрсету тетіктерін жете түсіне бермейтін ауыл тұрғындары, қарапайым азаматтар әлі де құзырлы органдардың есігін тоздырып, кезекте жүр. Мысалы, зейнетке шығуға үмітті азамат қажетті құжаттарды электронды жүйе арқылы жіберу мүмкіндігі барын білмейді немесе үй құжаттарына қатысты көп түсініспеушіліктер орын алып жатады. Қазақстан Республикасы электрондық үкіметінің порталы — мемлекеттік қызметтер туралы ең қажетті ақпарат алуға бірыңғай қол жеткізу нүктесін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметтер мен сервистерді электрондық түрде ұсынатын, ақпараттық – анықтамалық интерактивтік веб портал. Қарапайым тілмен айтқанда электрондық үкіметтің порталы – ол сіз бен біздің күнделікті электрондық цифрлы қолтаңба арқылы өзімізге қажетті мемлекеттік қызметтерді алатын egov.kz порталы. Белгілі бір қызметті алу үшін кететін уақытымызды барынша азайтқанын мойындауымыз керек. Азаматтардың үйден шықпай –ақ өзіне қажетті қызметті алуы үшін бар жағдайды жасап, жан – жақты

мүмкіндіктерді қарастырып қойған. Оған мысал, қазір мемлекеттік қызмет пен сервистерді бірнеше жолмен алуға болады. Олар:

1. Egov.kz – порталы арқылы
2. Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінің месенджерлері арқылы (кәдімгі адаммен жеке хат алмасудай)
3. @EgovKzBot2 – Telegram бот арқылы
4. eGovMobile қосымшасы арқылы. Сонымен қатар Ақсу ауданы «Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмысын атқаруда. Ауылымыздың жастары, орта буындар қазіргі таңда электрондық үкімет порталы арқылы үйлерінде отырып өздеріне қажетті анықтамаларды алып үйренді. Ауылдың ватсап чаттарына видео үлгісі күнделікті жіберіліп тұрады және халыққа брошуралар да таратылып түсіндірме жүргізіледі.

А. ҚОЖАХМЕТОВА,
«Ақсу ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман, іс - жүргізушісі.

Құрметті жұмыс берушілер!

Қазақстан Республикасының еңбек нарығын дамытудың 2024 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы

Жұмыссыз азаматтарды қолдау мақсатында аудандық мансап орталығы жұмыс берушілердің өтінімдері бойынша жыл сайын субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастырады. 2025 жылға өтінімді, қазан айының 1-31 дейінгі аралықта «Электрондық еңбек биржасы» порталына (Enbek.kz) «Электронды цифрлы қолтаңба» мен береді.

Субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыруға өтінімдер барлық мемлекеттік және коммуналдық мекемелерден, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден, жеке кәсіпкерлер мен шаруа қожалық басшыларынан қабылданады.

Жобаның шарты: Бір жылдан астам уақыт жұмыс істейтін, тұрақты түрде салық және басқада әлеуметтік төлемдерді жүргізетін, еңбекақы бойынша мерзімі өткен берешегі жоқ жұмыс берушілердің барлығы қатыса алады. Жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін, жұмыс беруші жобаға қатысушының кемінде 12 ай мерзімге тұрақты жұмыспен қамтамасыз етуі тиіс.

СУБСИДИЯЛАНАТЫН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ:

«Алғашқы жұмыс орны» жобасы; Жұмыс практикасы; «Күміс жас» жобасы; Әлеуметтік жұмыс орындары; Мүгедектері бар адамдарды

жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру «Ұрпақтар келісім шарты» жобасы; Қысқа мерзімді кәсіптік оқу; Қоғамдық жұмыстар; «Алғашқы жұмыс орны» жобасы алғаш рет жұмыс іздеп жүрген жоғары, арнаулы орта оқу орындарын бітірген, қысқа мерзімді кәсіптік оқытудан өткен түлектерді жұмысқа орналастыруға арналған. 35 жастан аспаған және жұмыс тәжірибесі жоқ NEET санатындағы жастар қатыса алады. Өту мерзімі 18 ай, еңбекақыны субсидиялау көлемі 30 АЕК.

«Жастар практикасына» үш жыл бұрын диплом алған жұмыс тәжірибесі жоқ 35 жасқа дейінгі жоғары және арнаулы орта оқу орындарының түлектері арасында жүзеге асырылады. Өту мерзімі 12 ай, еңбекақыны субсидиялау көлемі 30 АЕК.

«Ұрпақтар келісімшарты» жобасы да жастарға арналған, онда жас маман зейнет жасына жақындаған, маманды алмастыруға дайындалады. Өту мерзімі 6 ай, еңбекақыны субсидиялау көлемі 30 АЕК.

«Күміс жас» жобасы зейнеткерлік жасқа жақын қалған, сертификатталған жұмыссыздар қатысушы болып табылады. Жұмыс беруші белгілеген еңбекақысының бірінші жылы 70%, екінші жылы 65 % , үшінші жылы 60 % субсидияланады. Өту мерзімі 36 ай, еңбекақыны

субсидиялау көлемі 30 АЕК.

«Әлеуметтік жұмыс орны» жұмыс беруші тарапынан жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін құрылады, олардың арасында тұрмысы төмен және көп балалы отбасылардың мүшелері, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырғандар, еңбекке жарамды мүгедектері бар жұмыссыздар басымдыққа ие. Еңбекақының 35% субсидияланады, өту мерзімі 11 ай.

«Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы жұмыс орындарын ұйымдастыру» арнайы жұмыс орындарын құратын жұмыс берушілерді субсидиялау жолымен жүзеге асырылады.

Өту мерзімі 36 ай, еңбекақыны субсидиялау көлемі 30 АЕК.

«Қысқа мерзімді 3 айлық кәсіптік оқу» жұмыс берушілердің сұранысы негізінде жұмыссыз азаматтар оқуға ниет білдіре алады. Қатысушыларға мемлекет тарапынан шәкіртақы, жатын орны 3 ай және жолақысы 1 рет, медициналық тексерістен өтуге қосымша 2 АЕК төленеді. «Қоғамдық жұмыс» көктемгі – күзгі санитарлық тазарту, көркейту абаттандыру жұмыстарына.

Ақсу ауданының мансап орталығының мекен-жайы: Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі №5 үй, I қабат. Қосымша ақпарат алу үшін телефон нөмірі: 8 (72832)-2-14-87.

Б. ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
«Ақсу ауданының Мансап орталығы» филиалының директоры.

● БАЙҚАУ. БАЙҚАУ. БАЙҚАУ

«Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауы

Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына арналған

«Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауы

Номинациялар:

- Проза
- Поэзия
- Драматургия
- Әдеби сын
- Балаларға арналған шығарма



Шығармалар 20 қазанға дейін қабылданады

"AMANAT" партиясы дәстүрлі «Ұлы дала» республикалық шығармашылық байқауының басталғанын хабарлайды.

Биыл әдеби конкурстар көрнекті жазушы, балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдық мерейтойы аясында өтеді.

Партияның «Ұлттық мұра» жобасы аясында Жазушылар одағымен бірлесіп өткізіп келе жатқан «Ұлы Дала» республикалық шығармашылық байқауы осымен бесінші мәрте ұйымдастырылуда.

Шығармашылық доданың басты мақсаты – ұлттық болмыс-ты, рухани құндылықтарды паш ететін, креативті идеяларға ие жас қаламгерлерге, отандық авторларға қолдау көрсету және шығармаларын насихаттау.

Сонымен қатар, балалар әдебиетінің бәйтерегі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларындағы тағылымды ойлар мен ескіrmес образдарды өскелең ұрпаққа дәріптеу.

Үміткерлер:

«Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Әдеби сын» және «Балаларға арналған шығарма» номинациялары бойынша қатыса алады.

Бұдан бөлек, байқауда «Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығы» және «Алаш аманаты» арнайы жүлделері де қарастырылған. Сонымен қатар, Алаш қайраткерлері І. Жансүгіров, С. Сейфуллин, Б.Майлиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Үш бәйтерек» арнайы жүлдесі тағайындалып отыр.

Әр номинацияның жүлде қоры: орын – 1 000 000 теңге орын – 750 000 теңге орын – 500 000 теңге.

Арнайы жүлде жеңімпаздарына 1 000 000 теңге көлемінде қаржылай сыйақы табысталады.

Шығармаларды opr.zhetisu@gmail.com поштасына жолдауға болады. Өтінімдер 20 қазанға дейін қабылданады.

"AMANAT" ПАРТИЯСЫ АҚСУ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫ.

● ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

ДИН мен ДӘСТҮР – ЕГІЗ ҰҒЫМ



Ислам діні – адамзатқа түскен соңғы хақ дін. Күллі әлемді жоқтан бар еткен, жаратылыстың ішкі және сыртқы сырын толығымен білген Алла Тағала Исламды Пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын) арқылы адамдар мен жандарға рақым етіп жіберді. Алла Тағала Құранда Ислам діні жайында былай дейді: «Міне, бүгін діндеріңді кемеліне жеткіздім, сендерге деген нығметімді төмамдадым және сендер үшін дін ретінде Исламды таңдадым» («Мәида» сүресі, 3-аят).

Дін – дегеніміз Алла Тағала тарапынан жіберілген адамзаттың өмір сүруін ретке келтіретін, адамның аса күрделі жан-дүниесіне рухани тірек болатын заңдылықтарды, ақыретте Алланың разылығына кенелумен үде етілген мәңгілік жәннаттағы қуаныш пен бақытқа жетелейтін жолдарды көрсетеді.

Діннің мақсаты белгілі бір ұлттың дәстүрін, әдет-ғұрпын мансұқтау емес. Ислам діні бүкіл халықты дәстүрі мен құндылығын сақтау арқылы надандық соқпағынан алып шығады. Әрине, шариғатқа қайшы келетін дәстүрді ұстануға рұқсат бермей, тыйым да салады. Бұл ұстаным жайында дана халқымыз «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» былай. Демек бұл ұстаным шариғат қағидасымен ұштасып жатқанын айта аламыз.

Дәстүр, әдет-ғұрып сөздерінің түсінігі жайында Ахмад ән-Нәсәфи өзінің «әл-Мустасфа» еңбегінде былай дейді: «Ғұрып пен әдет дегеніміз – адамдардың көңілінде ақылға қонымды болып орныққан, адам табиғаты қабыл алатын нәрселер».

Әсілінде, дін мен дәстүр – түбі бір егіз ұғым. Мұны біз, әсіресе жастар қауымы қалай ұғынып жүрміз? Бұл екеуі ажырамас, бірі мен бірі біте қайнасқан ұлағатты ұғым. Оның аражігін ажырату үшін үлкен діни білім, ұлттық дәстүрді жете меңгерген қабілет керек. Ең бастысы, дініміз бен дәстүрімізді ұғындыратын, соған жетелейтін насихат құралы қажет. Қазақ халқы қашанда дәстүр-салтымен, әдет-ғұрпымен өмір сүрген халық. «Уықты басқур сақтайды, ұлтты дәстүр сақтайды» деп бабаларымыз бекер айтпаса керек-ті.

Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Дін – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет.

Қазақ – ұлттық дәстүрге ерекше мән беретін халық. Дәстүр – ұлтты рухани жандандырып, оның ішкі және сыртқы келбетін өрнектеп, көрсетіп тұратын сипаттар. Дін мен дәстүр – қашанда бір-бірімен сабақтас ұғым. Екеуі егіз тақырып десек те болғандай. Дініміз Ислам – адамгершілік пен парасаттылықтың, қайырымдылық пен ізгілік дін.

Қоғамда дін мен дәстүр – егіз деген ұғым бар. Жалпы, мұндай түсінік қайдан шықты?

Дін мен дәстүрдің бір - біріне қандай байланысы бар? Олардың қандайда бір өзіндік айырмашылығы немесе ерекшелігі бар ма?

Міне осы сұрақтарға қарапайым, түсінікті тілде жауап беріп, бүгінгі айтар еңгімемізді дін мен дәстүр сабақтастығы тақырыбына ойыстырсақ. Зайырлы мемлекет үшін бұл тақырып несі-мен маңызды? Дін мен дәстүр үндескенде дін дамиды, дәстүр байиды, ал ұлт діннің рухын сезініп, құндылық ретінде қабылдайды. Баршаға белгілі, ислам діні мен қазақ салт-дәстүрлері ғасырлар бойы өзара кірігіп, ажырамастай болып тамырласып кетті. Біздің рухани құндылықтарымыз – ата дініміз бен ата дәстүріміздің терең тамырлы байланысының тағылымды туындысы. Сондықтан дін мен дәстүр бірлігі – өткеніміздің тарихы, болашағымыздың кепілі.

Дін мен дәстүрдің үндесуі осыдан XIII ғасыр бұрын бабалар жүрегі иманға ұйып қабылдаған Ислам діні арқылы әрбір халықтың, ұлттың өзіндік құндылықтары және ерекшеліктері – әдет-ғұрпына ерекше көңіл бөлген. Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Жалпы Ислам діні – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. Тарих және уақыт елегінен өтіп олар шым-шымдап жіңіше шариғат дәстүрлерімен біте қайнасып кетті. Осылайша шариғат заңдарына қайшы келмейтін қағидаттар мен ортақ бір қосынды дәстүр пайда болды. Қазақ тілінде «салт-дәстүр» мен «әдет-ғұрып» - сөз тіркестерінің мағынасы бір. Біз салт-дәстүр деген сөзімізді әдет-ғұрып деп те қолданамыз. Әдет-ғұрып араб тілінен енген сөз. Әдет деген сөзден әдетке айналған нәрсені түсінеміз. Ал, ғұрып сөзінің араб тілінен аударғандағы мағынасы-ақылға қонатын, танымдылықпен таңдалған, біліммен бекемделген дегенді білдіреді. Сәбидің дүниеге келуінен бастап, адам баласының ақтық сапарға аттандырылған дейінгі аралықта қазақ халқында жасалынатын салт-дәстүрдің Ислам дінімен біте қайнасқан екендігін анық байқауға болады. Дін мен дәстүр – қашан да бір-бірімен сабақтас ұғым екенін байқайсыз, екеуі егіз тақырып десек те болады. Мысалы, халқымызда жарық дүние есігін шыр етіп ашқан сәбиге есім беру рәсіміне қатысты өзіндік дәстүрі мен салт-жоралғысы бар. Азан шақырып, ат қою кезінде кішкене сәби болашақта сыйлы, құрметті, үлкен азамат болсын деген ниетпен ырым етіп, сәбидің ата-анасы жасы үлкен, сыйлы адамға қолқа салады. Ал, Ислам шариғаты бойынша да туылған баланың құлағына азан шақырып ат қою – сүннет. Сол дәстүр қазақтың әр бір отбасында сақталып, осы күнге дейін жалғасын тауып келеді.

Сәби дүниеге келгенде сойылатын малды «ақиқа құрбаны» деп айтады. Шариғат бойынша: Нәрестенің үлпілдек шашын «ақиқа» дегендіктен, осыған байланыстырып ша-

лынатын малды да «Ақиқа құрбаны» деп атаған. Ақиқа құрбаны перзент сыйлаған Алла Тағалаға шүкіршілік білдіру ниетімен шалынады. Шариғаттағы үкімі – мубах, яғни дүниеге келген нәрестені үшін мал шалу әр ата-ананың өз еркіндегі іс. Бұл баланың ата-анасындағы ақысы саналады. Бала туған соң жеті күннен бастап балиғат жасына жеткенге шейін орындауға болады. Сүннет бойынша ер балаға екі қой, қыз балаға бір қой сойылу керек. Сүннет қиылған шашты өлшеп, сол мөлшердегі күміспен садақа ету керек. Қазақ дәстүрінде Ақиқаны – «Қалжа», -дейді.

Шілдехана - арабтар нәрестенің дүниеге келгеніне 7 күн толғанда, шашын алып, шашының салмағымен бірдей садақа береді. Пайғамбар (с.а.с.) немересі Хасанға ақиқа жасағанда айтқан: «Иә, Фатима, оның шашын қи да сол мөлшердегі күміспен садақа бер». Ал, қазақы дәстүрімізде қырқынан шығарған кезде ғана шашын алып жатады. Мұның да еш сәкеттігі жоқ. Қазақы дәстүрде дүниеге нәресте келгенде шілдехана жасалады, бесікке салынады, жиырма күнде кіші қырқынан, отыз тоғыз немесе қырық бір күнде үлкен қырқынан шығарады. Қырық ізгі тілек айтып, қырық қасық сумен жуындыру, шаш-тырнағын алу, келушілерге «жуғысты болсын» деп сый кәде беру (қазақша садақа) – қазаққа тән дәстүрлер.

Келесі Исламмен быйланыстыратын дәстүр сүндетке отырғызу. Баланың жетінші күні немесе балиғат (7) жасына толғанға дейінгі аралық ішінде сүндетке отырғызылады. Сүндетке отырғызу ислам дінінен кіріп, кейін келе қазақтардың ұлттық әдет-ғұрпына айналған. Осы сияқты қыздың қалына малын беру, сырға салу, ұзату, байғазы, сүйінші, кәде сұрау, сәлемдесу, ақтық сапарға шығарып салу жаназасы сияқты т.б. көптеген Ислам дінімен сабақтас дәстүрлеріміз бар. Қазақ халқында ұлттық дәстүрлердің басым көпшілігі Ислам дінімен бірге өрілген. Әр халықтың мәдениетін, тұғырын айқындап беретін таразы сол халық ұстанған идиологиялық рухани жол, яғни діні.

Бұл орайда, қолданыстағы салт пен дәстүрге дәлел ретінде, Ибн Масудтың (р.а.) келесі сөздерін келтіруге болады: «Бүкіл мұсылмандар жақсы деп есептейтін нәрсе, Алланың алдында да жақсы. Ал бүкіл мұсылмандар жаман деп есептейтін нәрсе, Алланың алдында да жаман болып табылады» Сахабаның бұл сөздері, мұсылмандардың бір ауызды пікірде (ижма) адасуы мүмкін емес екендігіне дәлел болып табылады. Имам әс-Сарахси: «Құран мен Сүннетке қарсы келген кез-келген салт есепке алынбайды», -деп айтқан. Мысалы ер кісінің алтын сақина тағуы, тойдағы және жаназадағы ысырапшылықтарды т.б. айтуға болады. Шариғатқа сай әдет-ғұрып, дағдыларға қыз ұзату мен беташар тойын атап өтсек болады. Исламда келін түскен үйдің шама-шарқынша дастархан жайып көрші мен туыстарды шақыру сауапты іс. Сахаба Абдурахман ибн Ауф өзінің үйленгендігін айтқанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) оған: «Бәрекеңді! Бір қой сойсаң да, той жасап жібер» - деген.[2] Осы хадистен кейін мұсылмандар арасында келін түскен үйде дастархан жаю үрдісі басталған, ал қазақтар бұл дәстүрді беташар ретінде қабылдаған. Қазақтың мақал-мәтелдері мен қанатты сөздеріне көз жүгіртер болсақ Құран мен хадистен бастау алып, үлкен мағыналарға ие болғанын көруге болады.

Қадірлі ағайын! Барша мұсылман бауырлар! Біз ұстанатын мұсылмандық бабаларымыздан бері шариғатқа сай қалыптасқан ұлттық дәстүрімізге нұқсан келтірілмеуі тиіс. Мұсылман болу үшін тек мұсылмандық сауатты ғана болу жеткіліксіз. Біз жан-жақты білімді де мәдениетті болып, «Өз асылымызды құндап, өзгенің қаңсығына қызықпай, ұлттық ар-ұжданды» болуымыз қажет.

Бүгінде Мәңгілік Ел боламыз деп жатырмыз. Оның бірден-бір жолы – «Бірлігі бар елдің, берекелі тірлігі бар» -демекші ел ішінде тыныштық пен тұрақтылық, ынтымақ пен бірлікті нығайту. Тұрақтылық пен тыныштық бар жерде ғана өсіп-өркендеу, ертеңгі күнге деген үкілі үміт болатыны айқын.

Сонымен қатар ұлттық асыл құндылықтарымызды дәріптей отырып, оны паш ету. «Уықты басқур сақтайды, ынтымақ пен бірлікті нығайту. Тұрақтылық пен тыныштық бар жерде ғана өсіп-өркендеу, ертеңгі күнге деген үкілі үміт болатыны айқын.

Осындай асыл құндылықтарымызды дұрыс сақтап алсақ қана елдігімізді сақтай аламыз. Сонда ғана егемен еліміз бар деп мақтана аламыз. Мәңгілік Ел тек осындай өзіндік қадірімен ғана мәңгілік болмақ деп ойлаймын.

Анарбай ТАСБОЛАТҰЛЫ,
аудандық орталық мешіттің
Бас имамы.

● РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА - 100 ЖЫЛ!

Қайсар елдің Қаһарманы



1945 жылы 30 сәуірде Рейхстагқа шабуыл кезінде оның қасбетіне алғашқы болып 150-атқыштар дивизиясы 674-ші атқыштар полкінің жауынгерлері Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов ту тікті, Алайда, Кеңестік жүйенің шовинистік сұрқия саясатының кесірінен ерлігі мұндаға дейін дұрыс бағаланбай, көпшілік арасында талай тартыс тудырып келген асыл азаматтардың бірі - Рақымжан Қошқарбаев.

Алдымен Рақымжан атамыздың өмір жолына бір шолу жасап алсақ. Рақымжан Қошқарбаев 1924 жылы 19 қазанда Ақмола облысының Қырыққұдық деген жерінде дүниеге келген. Батыр атамыздың биыл 100 жылдығы.

Атамыз төрт жасында ол анасынан айырылды, ал 1937 жылы әкесі қуғын - сүргінге ұшырағаннан кейін тай тубин балалар үйінде болады.

7-сыныпты балалар үйінде бітірген Рақымжан Қошқарбаев Балқаш маңындағы фабрика-зауыт шәкірттері мектебіне оқуға түсіп, онда жұмысшы қолөнерін ғана емес, әскери істің негіздерін де үйренді. Ол сонымен қатар мектеп оркестрінде өнер көрсетті, домбыра мен манголин ойнады.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың басталуымен Рақымжан Қошқарбаев алдыңғы қатарға шығуды сұрады, бірақ ол кезде ол небәрі 16 жаста еді. 1942 жылы ол атқыштар полкіне кірді Көкшетау, содан кейін эвакуацияланған Тамбов жалпы командалық жаяу әскер училищесіне жіберілді Бішкек. 1944 жылы Р.Қошқарбаев оқуын үздік бітіріп, майданға аттанып, Отанын қорғауда батылдық, жанқиярлық пен батырлық танытады. Соғыстың соңына қарай лейтенант Р.Қошқарбаев Кутузов дивизиясының 150-ші Идрицк-Берлин орденінің 1-ші атқыштар взводының командирі болды.

1945 жылы 30 сәуірде Рақымжан Қошқарбаев Рейхстагқа басып кіріп, Жеңіс туын көтерді. Батырлығы үшін 1945 жылы Қызыл Ту орденімен, 1985 жылы 2-ші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

Атамыз оқиға туралы өз естелігінде айтқан. «Рейхстагқа жақындап қалғанда мен тудың төменгі бір бұрышына аты-жөнімізді - Булатов, Қошқарбаев деп жазып қалдырдым. Жанымда отырған Гриша (Григорий Булатов) маған: "Жолдас лейтенант, жазғаның дұрыс болды, алда - жалда бізді өлтіріп кетсе, біздің қим, қайдан екенімізді ешкім білмейді", -деді. Мен оған: "Жоқ, Гриша, өлуге уақытымыз жоқ. Біз қандай жағдай болса да, мына қызыл туды Рейхстагқа жеткізуіміз керек. Және оған ең бірінші болып жетуіміз керек екенін айттым", -депті.

Соғыстан кейін Рақымжан Қошқарбаев Алматы қаласы Халық депутаттары Кеңесінің депутаты болып сайланды. Ол соғыс ардагерлері комитеті мен кеңестік-германдық достық қоғамының Қазақ бөлімшесі төралқасының мүшесі болды. Соғыстағы естеліктері туралы екі кітап жазды: «Жеңіс туы» және «Дауыл: 1410-шы күн» деректі повесі.

Қазақстанда өзінің аты аңызға айналған жерлесін құрметтейді және оның ұлы батырлығын еске алады. Оның есімі мектептер, көшелер мен елді мекендердің атауларында мәңгі қалады, оның құрметіне ескерткіш тақталар, ескерткіштер мен бюсттер орнатылды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Рақымжан Қошқарбаевқа еліміздің ең жоғары наградасы – «Халық Қаһарманы» берілді.

Д.КИРГАБАКОВ,
Ақсу ауданының Қорғаныс істері
жөніндегі бөлім бастығы, майор.



(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

А. ЖУБАНОВ,
академик.

Әйтпесе, музыкалық сезімі айта қалғандай терең А.Затаевич «Түрмеден қашқанды» есіткен болса, түрмеден шыққан адамның қуанышының, шабытының қалай болатынын күйшінің суреттеуін көрген болар еді.

Халық аузында Құрманғазының «Қызыл қайың» күйінің шығуын да осы бір кезеңге жатқызады. Аңыз бойынша Құрманғазы осы қашып келе жатқан сапарында ең далада жалғыз өскен қызыл қайыңның бұтағын жамылып отырып қуғыншылардан аман қалыпты дейді. Кейін: «Менің елім

Құрманғазы шығарған «Перовский марштан» ол мүлде басқа.

Құрманғазы жаяулап ел шетіне келіп, бірақ аулына баруға бата алмай Жәлел деген досының үйіне келеді. Жәлел Құрманғазыны қойын ашып қарсы алады. Бірақ күйшінің үйі аман - саулығын айтқанда аздаған әңгімесінің кірбіңін Құрманғазы сезіп қалады. «Ел аралаған сыншы болады» дегенді, Құрманғазының қырағы көзіне ол кірбің ілініп қалады. Сол жерде Құрманғазы тұрып: «Сенің

қойып, жатқан солдаттардан Әуесті ұрлап кету жағдайын Құрманғазы бірқатар комедиялық музыка тілімен берген. Сондықтан бұл басқалардан жеке тұр.

Соңғы жылдарда архивтен табылған деректер бойынша, 1857 жылда Құрманғазы біраз уақыт Орда түрмесінде жатады. Сол жылы ноябрь айының басында Нұрбай Тумашев дегенмен екеуі қашып кетеді.

1860 жылдардың басында Қызылқұрт, Ноғай руларын Дәулеткерей билейді. Әкесі Шығай болғанымен Дәулеткерей ел билеу жұмысын жақсы көрмейді, тек «ата заңы» бойынша аз уақыт бұл дәрежеге ие болады. Бірақ Дәулеткерейдің бұл руларды билеуі Құрманғазыға жаман тимейді. Өйткені осы жылдарда екі күйші танысады. Бірі – Исатайға бүйрегі бұрған, Қызылқұрттан шыққан Құрманғазы, бірі – Бөкейдің кіші інісі Шығайдан туған «төре» Дәулеткерей болып кездесіп, өмір жағдайында көзқарастары алшақ жатқанымен оларды жақындататын үлкен күш пайда болады. Ол күш – өнер күші, күй күші болып шығады. Бірінші көріскенде біріне - бірі қоңыр салқын болғанымен, аз уақытта - ақ бейтаныстық мұз еріп, екі күйші жалпы тілді тез тауып кетеді. Олай дейтіміз - Құрманғазы отырған, жүрген жерлерінде үнемі Исатайдың, Махамбеттің әңгімелерін көп айтады. Қалай дегенде ондай әңгімелер Дәулеткерейге ұнай бермейді. Бірақ кейін Дәулеткерейдің қытығына тие бермейін деп, Құрманғазы да ол отырған жерде «бас жаққа» көп бара бермейді.

Қызылқұрттың бір жер дауымен бір күні Құрманғазы қасына жақсы көретін шәкіртінің бірі Көкбаланы алып, Бапастың аулына келеді. Бапас күйшіні жақсы қарсы алады. Құрманғазының келген жұмысын бітіріп, Қызылқұрттың пайдасына мәселені шешіп береді.

Әңгіме біткеннен кейін күйшілер сөзді домбыраға береді. Әуелі Бапас бір күй тартады. Күй Құрманғазыға қатты ұнайды. «Мынау не деген күй еді, тым сайрап тұр екен?» - дейді Құрманғазы. Бапас күйдің атының «Бұлбұл» екенін айтады. Құрманғазы сол арада бір күй тартады. Енді күйдің атының не екенін Бапас сұрайды.

Құрманғазы: «Бұл менің «Бұлбұл» емес, - дейді. Сонда Бапас тұрып:

- Жоқ, аға! Мынау «Бұлбұл» емес, «Бұлбұлдың құрғыры» ғой дейді. Содан келіп бұл күй «Бұлбұлдың құрғыры» атанып кетеді.

«Бұлбұлдың құрғыры» сырттай Бапастың «Бұлбұлына» жақындайды. Бірақ Құрманғазының өзіне тән творчестволық тілі мен орындаушылық дәстүрі күйге жаңа бір кейіп беріп тұр.

Әрине, мұнда да табиғатқа, бұлбұл дауысына еліктеу жоқ емес.

Бірақ бұл күйде өмір екіні, көптен бері күткен аз тыныштыққа бөленген адамның көңіл көтеріңкілігі жоқ емес. Күй теңізін емін - еркін кешкен Бапас сияқты адамның «Бұлбұлдың құрғыры» деп ат қоюы да әлдеқалай нәрсе болмау керек.

Дәулеткерей өзінің әкімшілік жұмысын жиып қойып, енді біраз уақыт Құрманғазымен бірге ел аралап, күй тартып жүреді. Бір осындай сапарда екі алып сол өреге атағы шыққан Айжан қыздың үйіне барады. Айжан қадірлеп, күтіп, домбыра тартады. Өзінің көпке жайылған «Айжан қыз» атанып кеткен күйін тартады.

Құрманғазы Айжанның тартысына риза болып кетіп, қолына домбырасын алып бір жаңа күй шертеді. Бапас тұрып:

- Құреке, мынауыңыз бұрын - сонды естілмеген күй екен, аты не болды екен? - дейді.

Құрманғазы: «Бұл мына Айжан бұлбұлға шығарғаным ғой!», - дейді. Сол арада Бапас: «Онда бұл күйдің аты «Айда бұлбұл, Айжан-ай» болсын, - деп, күйге ат қойса керек. Құрекенің күйіне риза болған Айжан сол арада домбыраға түсіріп алып қалады.

Осы жүргенде Құрманғазы Бапастың «Жігер» күйін әлденеше рет естіп, аса риза болады. Күйді үйреніп те алады. Бірақ творчестволық кезеңінің ең бір көңілді тұсына келгеннен бе, Құрманғазы «Жігерге» еліктеп өзі бір күй шығарады. Бірғақтық жағынан Құрманғазының «Жігері» де Бапас вариантына ұқсайды.

Бірақ күйдің динамикалық жағы мүлде басқа болады. Әсіресе күйдің құрылысы, даму белестері, формальдық қалыптасуы, орындау кезеңдері өзгеше болады. Образдық жағынан қарасақ, Бапастың «Жігері» А.Затаевич айтқандай, іште жатқан, әлі далаға шықпаған жігер болса, Құрманғазының «Жігері» өмірдегі, «мен мұңдалап» өзін көрсетіп, ұрандап тұрған жігер сияқты. Әсіресе, осы айтылған сурет Дина орындағанда көздің алдына елестейтін.

(Жалғасы бар).

Құрманғазы

де, жерім де, бұтам да, ағашым да пана екен. Анадай қойнын ашып, жапырағын жауып паналатқан қызыл қайыңға арнап едім», - деп орындаса керек.

«Қызыл қайың» күйі екі вариантта. Екеуі де лирикаға бөленген шығарма. Айта кететін нәрсе - аты вариант болғанымен екеуі тіпті екі түрлі күй. Оның біреуі жөнінде біз кітаптың аяғындағы «Талдау» бөлімінде баяндадық. Ал «Қызыл қайыңның» екінші вариантын Лұқпан Мұхитов алып келіп берген. Бұл түрлі басынан бастап лирикалық кейіпте, жалғыз адамның жан сырындай, толқып, шырқап, кейде бір ұшқыр қиял дүлдүліне мініп жиянды кезіп кеткендей. Аспапқа арналып шыққан бола тұра, тіпті, дауысты қосып, сөз жазып әңдетіп айтуға жарайтын күй. Сондықтан «Қызыл қайыңның» бұл түрін «лирикалық жыр» десе артық болмас еді. Туған жерінің жаратылысына да риза болып, жалғыз өскен қызыл қайыңды себеп етіп алып, сол арқылы жылы, күнгей, жайма шуақ лирика арқылы туған жерін, елін жыр еткен күй деуге болады.

Күйшінің осы сапарынан туған шығармасының бірі - «Машина». Орынбордың түрмесінде біраз уақыт болып, оның үстіне басқа да үлкенді-кішілі қалаларды көріп, олардағы ірі әндіріс орны болмағанымен диірмен, ұсақ-ұлан фабрикалар, базар шуларын көріп, оның сақ құлағы солардың ішінен өзінің келелі творчествосына тақырып іздейді. Қазақтың құлазыған кең даласын салыстырғанда қаланың өмір ритмі (ырғағы), қозғалысы, у-шуы әрине мүлде басқа. Міне, Құрманғазының «Машина» күйі осы айтылған қала өмірінің суретін береді.

Арбаның доңғалағындай зырлап, тез өтіп жатқан қала өмірін Құрманғазы машинаның доңғалағының айналғандай тез жүріс ырғағымен береді. Әрине, күйде біз айтқандай турасынан тура сурет жоқ. Бірақ бір кірдіссіз қозғалыстың кейпі бар. Даланың асықпайтын, баяу өмір сазына қарсы келетін қозғалыс кейпі бар.

Басқа күйлерінен айырмасы - «Машина» салған жерден домбыраның сағасынан (ең жоғарғы нотасынан) басталады. Күйдің негізгі мелодиялық тақырыбы сол айтылған шығарманың шыңының басында екінші дауыста басталады. Тақырып аса жігерлі, жүрдек, сүйте тұра үлкен байыппен орындалады. Мұнда «Түрмеден қашқан» күйіндегідей сартылдатып қуып кетпейді. Шынында да, машинаның дөңгелегінің біркелкі зырлап айналғандай кейіп келеді. Екінші дауыста бір рет өтіп, әбден тыңдаушыға түгел жеткен тақырып енді сол сағада бірінші дауысқа көшкенде, күйдің қуаты бұрынғыдан да артады. Оң қолдың қағысы арқылы берілген күшпен болаттай серікпен қажырлы мелодия шыңып, зырлап өрге шығып бара жатқан машина жүрісінің ырғағын береді. Арада кідіріс болмай тақырып орта регистрде тағы да өтеді. Мұнда да әуелі екінші дауыста неше түрлі дыбыс аралықтары (интервалдар) арқылы екі дауыс шиеленісіп барып сәл ғана тоқтап, кульминацияға екінші рет шығып кетеді. Бұдан кейін қайтқанда баспалдақтамай бірден төменгі регистрге түсіп, басталғандағы тақырып осы арада соңғы рет өтіп барып күй бітеді. Бұл күйдің халық арасына тараған белгілі программасы жоқ. Бірақ күйдің музыкалық контексты атына сәйкес келеді. Мұнда да Құрманғазыға тән - сарқылмас күш - қайрат басынан аяғына шейін «көрініп» отырады.

Бір айта кететін нәрсе - Перовскийдің ресми дәрежесі «Орынбор және Самара генерал-губернаторы» деп аталатын.

Оның қарамағында тек Қазақстан емес, осы күндегі Башқұртстан да болатын. Сондықтан да ол елде де «Перовский марш» деген бар екен. Біздегіден айырмасы ол маршты қурайда (біздің сыбызғымыз сияқты) орындайды. Башқұртша «Перовский марштың» бір вариантын біз кітаптың соңында салыстыру үшін келтірдік. Әрине,

әңгіменің түбінде айтылмай отырған бір жай бар ғой. Несін жасырасың, айт! Біздің үйде бірдеме болып қалған ғой!» - дейді. Жәлел біраз уақыт кібірткіп, ақыры болған уақиғаны кезегімен баяндайды. Ол күйшінің әкесі Сағырбайдың осыдан екі ай бұрын қайтыс болғанын, осыдан үш күн бұрын Әуес пен емізүлі баласы Қазиды Орынбордан солдаттар келіп, қашып кеткен күйшінің орнына «залогке» деп алып кеткенін айтады.

Құрманғазы ұзақ уақыт басын көтере алмай, күрсініп отырып қалады. Басынан ауыртпалықтың кетпей қойғанына налиды. Бірақ «Уайым түбі - теңіз, батасың да кетесің; тәуекел түбі - қайық, мінесің де өтесің» дегендей, әрең тамағынан өткен асты ішіп болғасын, тұжырымды шешімге келеді. Ол шешімін досына айтып, өзі сол түні шешесіне көңіл айтуға, аман - есен келгенін білдіруге алған шешімін айтып естіруге үйіне кетеді. Алқа аңырап қалғанын баласына шағып, қанша мықты болғанымен қалелімде бір үйлі жаннан бір өзі ғана қалғанына қатты күңіренеді.

Бірақ жақсы көрген баласы Құрманғазының төбесін көргесін көңілі біраз жұбанып, баласының Әуестің соңынан қуу планын мақұлдайды. Тек Құрманғазының енді ешкімге қолын тигізбеуін, басқа қауіп төніп бара жатпаса, ешкімге ұрынбауын тілек етеді.

Барлық өміріндегі қуанышы мен реніші, сүйінгені мен күйінгені күй арқылы сыртқа шығып барып көңілі бір жерге тоқтайтын Құрманғазы, осы арада тағы руханы жолдасы домбырасын алып, толғанады. Әкесінің өліміне, Алқадай анасының аңырап қалғанына арнап күй шертеді. Бұл күй кейін халық арасында «Алқа» атанып кетеді.

Жәлел аулына жалғас отырған бір байдың жылқысынан екі атты ұстап алып, бірін мініп, бірін жетектеп, Құрманғазы Әуесті алып кеткен солдаттарды қуады. Көрген кісілердің солдаттардың маңдайын айтуынша Құрманғазы төтелейді. Ал солдаттар болса жолдан шықпай бұраңдап жерден ұтылады. Үш күн өткеннен кейін Құрманғазы бір малшылардың айтуы бойынша отрядтың қоналқаға тоқтайтын жеріне жақындайды.

Сайды, жыраны қуалап отырып, солдаттардың қонып жатқан жерінің үстінен шығады. Солдаттардың әбден ұйқыға кеткен кезін аңдып, қос атты бір ылдига буып тастап, өзі жаяулап, айдың астын ала солдаттарға келеді. Олар мылтықтарын ешкінің мүйізі сияқты етіп қалқайтып біріне бірін сүйеп қойып, шырты ұйқыда, қаннен қапері жоқ жатады. Әуес шетіректе алдына баласын алып, еңкейікіреп отыр екен. Құрманғазы жайлап ұсырып белгі береді. Әуес Құрманғазының белгісін танып, жыламасын деп Қазидың аузына емшегін салып, қара шапанды бүркеніп, еңкейіп жүріп отырып Құрманғазыға келеді. Құрманғазы Әуесті аттарын қалдырған жаққа жіберіп, өзі «керек болады» деп мылтықтың біреуін алып аттарына келеді. Сол кеткеннен Құрманғазы Әуес пен Қазиды алып кетіп қалады.

Солдаттар ертемен бір-ақ оянып, Әуестің жоғын көріп, айналадан іздейді. Таба алмағасын, қолдарын бір сілтеп кете береді. Орынборға келіп: «Құрманғазының әйелі кішкене емізүлі баласымен далада қонып жатқанымызда қашып кетіпті. Біраз жерді шарлап іздедік, таба алмадық, қасқыр жеп қойған болу керек», - деп рапорт береді. Мылтықты бұл оқиғамен араластыруға қорқып, «Бара жатқанда суға түсіріп алдық», - дейді. Құрманғазы болса аман - есен аулына келеді. Солдаттардан Әуес пен Қазиды ұрлап алып кеткеніне Құрманғазы тағы бір күй бағыштайды. Ол күйдің аты «Бұқтым - бұқтым» болады.

«Бұқтым - бұқтым» күйі құрылыс, мелодика жағынан «Ертең кетем» күйіне жақын келеді. Мұнда да «бұқтым - бұқтым» деп домбыра сөйлеп отырады. Күйде Құрманғазыда сирек кездесетін күлкілік кезеңдер бар. Өйткені сақтықты былай

АҚСУ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ХАБАРЛАЙДЫ:

Ақсу аудандық Қоғамдық кеңесін қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы Жетісу облысы, Ақсу аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшелігіне кандидаттардан құжаттарды қабылдауды жариялайды.

Қоғамдық кеңестің сандық құрамы: 12 (он екі) адам.
Мемлекеттік органның өкілдік ету: 3 (үш) адам.
Коммерциялық емес ұйымдардан, азаматтардан өкілдік ету: 9 адам (коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың ұсыныстары негізінде қалыптастырылады).

Құжаттарды қабылдау мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде (2024 жылғы 11 қазаннан бастап 2024 жылғы 24 қазанды қоса алғанда сағат: 18.30-ға дейін).

Пошталық мекен-жайы: «Ақсу аудандық мәслихатының аппараты» ММ, Жансүгіров, Желтоқсан, №5-үй, №20-кабинет, жұмыс телефондары: 8(72832) 21321, 21075

Электрондық пошта мекен-жайы: aksu_maslihat@mail.ru
Жұмыс уақыты: «Ақсу аудандық мәслихатының аппараты» ММ, сағат: 09.00-ден 18.30-ға дейін, түсі үзіліс сағат: 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс сенбі, жексенбі.

«Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабында Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидаттарға қойылатын мынадай талаптар белгіленген:

1. Қазақстан Республикасының он сегіз жасқа толған, сондай-ақ, Қоғамдық кеңес жергілікті деңгейде қалыптастырылған жағдайда – тиісті өкімшілік-аумақтық бірлік шегінде тұрақты тұратын азаматы Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат бола алады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне кандидат:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған сотталғандығы болмауы тиіс;

2) сот заңда белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық қылмыс және (немесе) сыбайлас жемқорлық құқық бұзылуы жасауда кінәлі деп таныған болуға тиіс емес;

3) психикалық, мінез-құлықтық бұзылуларға (ауруларға) байланысты, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрмауға тиіс.

2. Конкурса қатысу үшін:

1) кандидатураны Қоғамдық кеңестің құрамына ұсыну туралы коммерциялық емес ұйымның жазбаша ұсынысы және (немесе) азаматтың өтініші;

2) кандидаттың өмірбаян деректерін көрсете отырып, кәсіптік және (немесе) қоғамдық қызметі туралы мәліметтер;

3) соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама;

4) психикалық, мінез-құлықтық бұзылулардың (аурулардың), оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды қолдануға байланысты бұзылулардың болуы немесе болмауы туралы анықтама ұсынылады.

Қоғамдық кеңес мүшелігіне Кандидат осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) және 4) тармақшаларында көзделген анықтамаларды мемлекеттік органның немесе қатысуымен Қоғамдық кеңес құрылатын квазимемлекеттік сектор субъектісінің ақпараттық жүйелерден көрсетілген анықтамаларды өз бетінше немесе жазбаша келісімі арқылы талап етуіне ұсынады.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобының мүшесі Қоғамдық кеңес мүшелігіне сайлау үшін конкурса жіберілмейді.

3. Кандидаттар мынадай жағдайлардың бірі болған жағдайда сайлану үшін конкурса жіберілмейді:

1) Заңның 10-бабының 1-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;

2) Заңның 10-бабының 2-тармағында көрсетілген құжаттарды және (немесе) мәліметтерді ұсынбаған;

3) анық емес ақпаратты қамтитын құжаттар және (немесе) мәліметтер ұсынған.

АКСУСКИЙ РАЙОННЫЙ МАСЛИХАТ СООБЩАЕТ:

Рабочая группа по формированию Общественного совета Аксуского района объявляет приём документов от кандидатов в члены Общественного совета Аксуского района.

Количественный состав Общественного совета: 12 (двенадцать) человек.

Представительство от государственного органа: 3 (три) человека

Представительство от некоммерческих организаций, граждан: 9 человек (формируется на основе предложений некоммерческих организаций и граждан).

Срок подачи документов: в течение 10 (десяти) рабочих дней после даты опубликования объявления (с 11 октября 2024 года по 24 октября 2024 года включительно до 18.30 часов).

Почтовый адрес: ГУ «Аппарат Аксуского районного маслихата», село Жансугурова, дом № 5, кабинет №20 рабочие телефоны: 8(72832) 21321,21075

Адрес электронной почты: aksu_maslihat@mail.ru

Режим работы: ГУ «Аппарат Аксуского районного маслихата» с 09.00 часов до 18.30 часов, обеденный перерыв с 13.00 часов до 14.30 часов, выходной суббота, воскресенье.

Статья 10 Закона РК «Об общественных советах» (далее - Закон) установлены следующие требования, предъявляемые к кандидатам в члены Общественного совета:

1. Кандидатом в члены Общественного совета может быть гражданин Республики Казахстан, достигший восемнадцати лет, а также в случае формирования Общественного совета на местном уровне – постоянно проживающий в пределах соответствующей административно-территориальной единицы.

Кандидат в члены Общественного совета не должен:

1) иметь судимость, которая не погашена или не снята в установленном законодательством Республики Казахстан порядке;

2) быть в установленном законом порядке признанным судом виновным в совершении коррупционного преступления и (или) коррупционного правонарушения;

3) состоять на учете в организациях, оказывающих медицинскую помощь в области психического здоровья, по поводу психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

2. Для участия в конкурсе представляются:

1) письменное предложение некоммерческой организации и (или) заявление гражданина о выдвижении кандидатуры в состав Общественного совета;

2) сведения о профессиональной и (или) общественной деятельности кандидата с указанием автобиографических данных;

3) справка о наличии либо отсутствии судимости;

4) справка о наличии либо отсутствии психических, поведенческих расстройств (заболеваний), в том числе связанных с употреблением психоактивных веществ.

Кандидат в члены Общественного совета представляет справки, предусмотренные подпунктами 3) и 4) части первой настоящего пункта, самостоятельно или посредством письменного согласия на истребование указанных справок государственным органом или субъектом квазигосударственного сектора, с участием которого образуется Общественный совет, из информационных систем.

Член рабочей группы по формированию Общественного совета не допускается к конкурсу для избрания в члены Общественного совета.

3. Кандидаты не допускаются к конкурсу для избрания при наличии одного из следующих случаев:

1) несоответствия требованиям, установленным в пункте 1 статьи 10 Закона;

2) непредставления документов и (или) сведений, указанных в пункте 2 статьи 10 Закона;

3) представления документов и (или) сведений, содержащих недостоверную информацию.

Справочно: Получить любую из указанных справок можно на портале электронного правительства (eGov.kz) через электронную цифровую подпись или с помощью одноразового sms-пароля, который поступит на сотовый телефон услугополучателя при авторизации на портале eGov.kz.

Атқарушылық жазбаның ұғымы

Атқарушылық жазба дегеніміз – бұл даусыз сипаттағы талаптарды соттан тыс тез шешуге арналған құқықтық құрал, яғни нотариуспен жасалған атқарушылық жазбасы арқылы борышкерден өздеріне тиесілі берешектерін өндіруін және өзге де жылжымалы мүлікті талап етудің сотқа жүгірбестен, жылдам шешудің тиімді тәсілі.

«Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2015 жылғы 31 қазанда атқарушылық жазбаларды жасау жайлы жаңа тараумен толықтырылып, қолданысқа 2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап енгізілген болатын.

Атқарушылық жазба нотариустармен біріңғай нотариаттық ақпараттық жүйе арқылы электрондық түрде, берешекті белгілейтін төлнұсқа құжат көрсетілген кезде жасалады.

Атқарушылық жазба жасау үшін нотариусқа берілетін құжаттар реті айқындалған. Соған орай, ең алдымен азаматтар нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беруі қажет. Өтініш заңды тұлғаның атынан болған жағдайда оған бірінші басшы және бас есепші қолын қойып, мөрін басады. Бұдан кейін талап түріне байланысты, талаптардың даусыз екендігін растайтын құжаттардың ұсынылуы міндетті. Сондай – ақ, берешекті төлеу мерзімі, төлем жасау жөніндегі

міндеттің туындаған күні, берешек сомасы туралы мәліметтер толық ұсынуы тиіс.
Құжаттар толық берілген жағдайда ғана нотариус борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымайтын мүлікті талап ету үшін атқарушылық жазба жасайды немесе тиісті қаулы береді. Атқарушылық жазба бойынша өндіріп алу Қазақстан Республикасының атқарушылық іс жүргізу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.
Атқарушылық жазбаның күшін жою тәртібі, заңда көрсетілгендей шығарылған атқарушылық жазбамен келіспеген жағдайда, оған нақты дәлел болғанда атқарушылық жазбаны шығарған нотариусқа мәлімделген талапқа қарсы қарсылық арыз жазу қажет. Нотариус қарсылықты алған күннен бастап үш жұмыс күннен кешіктірмей атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарады.
Егер жасалған атқарушылық жазба борышкердің қарсылығы бойынша нотариустың қаулысымен күшін жоймаса, оған дау айту сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Жасұлан ЕРСАЙЫН,
Жетісу облысы
Әділет департаментінің
Құқықтық түсіндіру
және заңгерлік қызмет
көрсету бөлімінің
басшысы.

ЛЕЙКОЗ: себептері, белгілері және емі

Лейкемия немесе қан ісігі – сүйек кемігінің жасушаларына әсер ететін қан түзу жүйесінің қатерлі ауруы. Лейкоциттер (ақ қан жасушалары) деп аталатын бұл жасушалар қалыпты емес бөліне бастайды және қанда жиналып, сау жасушаларды басып шығарады. Лейкоз ересектерге де, балаларға да әсер етуі мүмкін және бірнеше түрге бөлінеді, олардың ең жиі кездесетіні жедел және созылмалы.

Лейкоздың түрлері:

Жедел лейкоз қарқынды дамуымен сипатталады және шұғыл емдеуді қажет етеді. Оған жедел лимфобласттық лейкоз (ЖБЛ) және жедел миелоидты лейкоз (ЖМЛ) жатады. Созылмалы лейкоз баяу дамиды және ұзақ уақыт бойы симптомсыз болуы мүмкін. Оларға созылмалы лимфоциттарлық лейкоз (СЛЛ) және созылмалы миелоидты лейкоз (СМЛ) жатады.

Себептер

Лейкоздың нақты себептері әрқашан анық емес, бірақ қауіп факторлары мыналар жатады:
Генетикалық бейімділік.
Радиация мен химиялық заттардың әсері.
Темекі шегу.
Вирустық инфекциялар (мысалы, HTLV-1 вирусы).
Кейбір қан аурулары және иммундық жүйенің бұзылуы.

Симптомдары

Лейкемия әртүрлі жолдармен көрінуі мүмкін, бірақ жалпы белгілерге мыналар жатады:

Шаршау және әлсіздік.
Қызба және түнгі терлеу.
Түсініксіз салмақ жоғалту.
Қан кету және жиі инфекциялар.
Сүйектер мен буындардағы ауырсыну.
Лимфа түйіндері, бауыр және көкбауыр ұлғайған.

Диагностика және емдеу

Лейкозды диагностикалау үшін қан анализі, сүйек кемігінің биопсиясы және генетикалық талдау жүргізіледі. Емдеу лейкоздың түріне және аурудың саптысына байланысты. Негізгі әдістерге химиотерапия, сәулелік терапия, мақсатты терапия және сүйек кемігін трансплантациялау жатады. Кейбір жағдайларда иммунотерапия науқастың иммундық жүйесін ынталандыру үшін қолданылады.

Қорытынды

Лейкоз – тез және дәл емдеуді қажет ететін ауыр ауру. Уақытылы диагноз қою және емдеудің жаңа әдістері пациенттер үшін болжамды айтарлықтай жақсартады.

Санжар ҚҰРМАНҒАЗЫҰЛЫ,
емхана меңгерушісі
дерігер-терапевт.

Туляремияға қарсы барьерлік дератизация



Туляремия – лимфа түйіндерінің, терінің, кей жағдайда көздің шырышты қабығын, тамақ пен өкпені зақымдайтын жіті инфекциялық, табиғи-ошақтық ауру. Туляремия жалпы интоксикация, созылмалы безгек және әртүрлі ағзалардың зақымдалуының айқын белгілерімен өтеді.

Аурудың қоздырғыштары туляремия бактериясы болып табылады. Кез - келген жастағы адам бұл инфекцияға сезімтал болып келеді.
Табиғатта инфекция

барьерлік дератизация жұмыстары жүргізіледі. Нақтырақ айтсақ елді – мекен сыртқы аумағынан 100 м ара қашықтық сақтай отырып, кеміргіштер індеріне препарат салынып, көміледі.

ҚР ДСМ 114 Бұйрығы "Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық – эпидемияға қарсы, санитариялық – профилактикалық іс – шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар" санитариялық

О.МАДЕНБЕК,
нұсқаушы -
дезинфектор.

Ветеринариялық - санитариялық талаптарды сақтамайық!

Ветеринариялық - санитариялық қауіпсіздік - жануарлардың саулығы, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың тағамдық қауіпсіздігі, аумақтың ветеринариялық - санитариалық салауаттылығы, халықты жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, сондай - ақ, мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігі қамтамасыз етілетін мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық бақылау және қадағалау объектілерінің жай - күйі.

Қазіргі кезде ауданда ет өнімдерін дайындау, сақтау, сату мен «Тайыржан» және «Разбекова А» дүкендері халыққа қызмет көрсетуде. Сол сияқты әр сенбі күндері Жансүгіров а/о «Орталық» базар аумағында ауыл шаруашылық жануарлар және жануарлардан алынатын өнімдерді сату ұйымдастырылған.

Осы орайда, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілер негізінде, оларға төмендегі ветеринариялық-санитариялық талаптар қарастырылған:

Ет және ет өнімдерін сатушыларға

1. Сатуға жататын жануарлар мен жануарлардан алынатын өнімдер эпизоотиялық жағдайы қолайлы аймақтардан дайындалуы қажет.

1.1. Кейіннен өткізуге арналған жағдайда, тек есептік нөмірі бар сою алаңы мен сою пункттерінде сойылуы тиіс.

1.2. Өнім дайындалатын жерде сою алаңы мен сою пункті жоқ болған жағдайда, мал тірідей №1 ветеринариялық анықтамасымен жақын маңдағы сою объектісіне жеткізіліп, сойылады.

1.3. Сою кезеңінде, сояр алдында тексеру, сойғаннан кейін қарау процесстерінің барлығында өнім иесі жанында болуы қажет.

2. Мал ұшаларын жақын араға тасымалдау кезінде астына таза мата (брезент) салынып, беті таза матамен жабылып, басы, ішкі ағзалары бөлек ыдыспен тасымалдануы тиіс. Мал ұшаларын тасымалдау №2 ветеринариялық анықтамамен жүргізіледі.

2.1. Тексеру нәтижесімен ұшаларға округтің ветеринариялық пункт меңгеру-шісінің мері бағылуы тиіс.

2.2. Сәйкестігі, сатуға жарамдылығы ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу арқылы анықталады. Сараптау қортындысы өнім иесінің қолында болуы керек (бұл жұмыс аудандық ветеринариялық зертханада жүргізіледі).

3. Сату орнының тазалығы, шабу құралдарының (балта, шөркелер) ветеринариялық талаптарға сәйкестігі Сіздердің жауапкершіліктеріңізде.

3.1.1. Ветеринариялық-санитариялық қортындысы жоқ орындарда өңделген өнімдерді (фарш), үй жайында дайындалған (айналдырылған қазы, шұжық) сатуға қатаң тыйым салынады.

3.1.2. Қой мен ешкі ұшаларымен ішкі ағзалары, басқа мал ұшаларымен ішкі ағзалары мен басы қоса тасымалдануы тиіс.

4. Сатушыларда арнайы киімдердің болуы қажет (халат, фартук, жеңсек, қолғап), ал қосалқы жұмысшылар халат киіп тұруы керек.

5. Өнімді көрсету құралдары (шанышқы, пышақ) болуы да тиіс.

6. Өнім толық сатылмаған жағдайда жауап-

ты ветеринариялық-санитариялық инспекторға қалған өнімнің мөлшері жөнінде ескертілуі қажет.

Сүт және сүт өнімдерін сатушыларға

1. Сатылымдағы сүт және сүт өнімдері №2 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен және ветеринариялық - санитариялық сараптама актісімен (Акт экспертиза) ветеринариялық зертханада жүргізілгендігі жөніндегі құжаттары болуы тиіс.

2. Сүт және сүт өнімдерін құйылмалы немесе таразылап өткізу кезінде кесуге және таразылауға арналған арнайы жабдық, сондай-ақ, сауда мұқаммалы (төсеніштер, қысқыштар, қалақшалар және т.б.) пайдаланылуы тиіс.

3. Сүт және сүт өнімдерін өткізуді жүзеге асыратын адамдардың арнайы киімдердің болуы қажет (халат, фартук, жеңсек, қолғап).

4. Қолданыстағы ыдыстардың, құрал жабдықтардың (қысқыш, пышақ, қалақша, таразы т.б.) таза болуын және сатылымдағы ыдыстар жуып - шаю арқылы өңделген түрде болуы шарт.

5. Сату орнының (сөрелер) үнемі таза ұстап, дезинфекциялануын қамтамасыз ету қажет. Сонымен қатар сатылымдағы өнімдердің жерге жақын жерде орналаспауы және бөгде заттармен сәреде болмауы тиіс.

Балық және балық өнімдерін сатушыларға

1. Сатылымдағы балықтардың №2 үлгідегі ветеринариялық анықтамамен және жүк құжаты (накладной) талаптарға сай, ветеринариялық - санитариялық сараптама актісі (Акт эксперти-

за) ветеринариялық зертханада жүргізілгені жөніндегі құжаттары болуы тиіс .

2. Сату орнына таза ұстаулары керек, үнемі дезинфекцияланып және сөрелер астына таза салафан салып, балықтар арнайы ыдыстарда (қорап т.б.) жинақталып тұруы керек.

3. Балықтардың суылтылған (мұзда-тылған) түрде, олардың жерден биіктігі 40см кем емес сәреде тұруы қажет.

4. Сатушыларда арнайы киімдердің болуы қажет (халат, фартук, жеңсек, қолғап).

5. Жағымсыз иісі бар, желбезектері жұлынған, желбезектері лас шырышпен жабылған, қарны шамадан тыс ісінген, көздері қанталаған, бұзылған балықтар сатылмайы тиіс.

Осы ветеринариялық-санитариялық талаптардың орындалуы сатушылардың міндеттері болып табылады. Заң талаптары бұзылған жағдайда, сатуға жеткізілген өнімдердің иелеріне ҚР АҚБК байланысты, әкімшілік жауапкершілік қарастырылған.

Халыққа сапалы өнім тұтыну аудандағы жануарлар және олардан алынатын өнімдерді дайындау, сақтау, өткізумен, мал өсірумен айналысатын тұлғаларға тікелей байланысты болғандықтан, ветеринариялық - санитариялық талаптарды қатаң сақтап, тұрақты орындалуын қамтамасыз етейік.

Бұл өз кезегінде аудан тұрғындарының денсаулығын сақтау және қорғау болып табылады.

Туындаған сұрақтар бойынша мына телефондар арқылы ақпарат алуға болады: 8 (72832) 2-00-33; 2-94-43.

Ж.РАХИМОВ, мемлекеттік ветеринариялық - санитариялық инспекторы.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДЕГІ ЖӘНЕ ДАЛА ӨРТТЕРІНІҢ АЛДЫН АЛАҰЫҚ!

Көктемгі - жазғы кезеңде өрттер саны және әдетте олардан материалдық шығын күрт артады. Өрттердің көпшілігі отты абайсыз қолдану және жекелеген азаматтар мен ұйым басшыларының өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға немқұрайлы қарауының салдары болып табылады.

Өрт қауіпті кезең басталған кезде, төтенше жағдайларды болдырмау үшін, құрғақ кезеңдерде, ыстықта және қатты жел кезінде өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау қажеттілігі туралы еске саламыз. Жалын мен күл шоқтарын қараусыз қалдырмаңыз. Демалыс орнынан шыққан кезде отты сумен мұқият сөндіріп тастаңыз немесе құммен, жермен көміп кетіңіз. Жанып тұрған сіріңкелерді, темекі тұқылдарын тастамаңыз. От жағу, қалдықтар мен ыдыстарды өртеу ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 50 м. қашықтықта жүзеге асырылуы тиіс. Ормандар мен далалардағы өрттер темір жолға оттың таралуына және темір жол орман екпелері мен өндірістік объектілердің бүлінуіне немесе тіпті толық жойылуына, жылжымалы құрамның, темір жолдың жануына жиі әкеп соғады, бұл поездар қозғалысының қауіпсіздігіне қатер төндіреді, экологияға залал келтіреді, Темір жол көлігі кәсіпорындарына, сондай-ақ, жолаушылардың өмірі мен денсаулығына материалдық залал келтіреді.

Шаруа қожалықтар былтырдан қалған сабанды, қоқсықтарды және қураған шөптерді өртейді. "Өрт сөндіргеннен гөрі, оның алдын алғаны дұрыс", -дейді халық мақалы. Шындығында егер өрт қауіпсіздігі тәртібін қатаң сақтап, байқап жұмыс істегенде ғана өртті болдырмауға болады. Өкінішке орай, тұрғындар орман мен далалар халық қазынасы екенін естен шығарып кетеді.

Естеріңізге сала кетейік, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін, егістіктерде от жағу және құрылыстардың жанында қоқыс жаққаны үшін кінәлі тұлғалар әкімшілік жауапкершілікке тартылатындығын ескертеміз.

Отты қолданған кезде абай болыңыз! Өрт болған жағдайда 101 нөміріне қоңырау шалыңыз.



БАСПАСӨЗ - 2024

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ

2024 ЖЫЛДЫҢ 11 ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

АУДАНЫҢ ТЫНЫС - ТІРШІЛІГІНЕН ҚҰЛАҒДАР БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, АУДАНДЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы бір жылға - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: 66750

Абонент пәтер ішіндегі газ жабдығының тиісті техникалық жағдайын қамтамасыз етуге міндетті.

Құрметті газ тұтынушылар! Өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың қауіпсіздігі туралы ойлаңыздар - газ жабдығына уақытылы қызмет көрсету мен жөндеуді қамтамасыз етіңіздер!



Газды тұрмыста қолданатын халық міндетті:

• Газ аспаптарының, түтіндіктер мен желдеткіштердің қалыпты жұмыс істеуіне бақылау жасауға, түтіндікке газ жану өнімдерін бұратын газ аспаптарын қосқанға дейін және жұмыс істеуі кезінде түтін тартылуын тексеруге. Түтіндіктің «қалтасын» мерзімді тазалап отыруға.

• Газды пайдаланып болған соң, газ аспаптарында және олардың алдындағы крандарды жабуға.

• Газ жабдығы жарамсыз болғанда «Горгаз-сервис» ЖШС

ГАЗДЫ ТҰРМЫСТА ПАЙДАЛАНУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК

кәсіпорнының қызметкерлерін шақыртуға.

• Пәтер ішінде газ иісі пайда болған кезде газ аспаптарын қолдануды дереу тоқтатуға, аспаптарға жалғанған және

Халыққа тыйым салынады:

Үйлерді (пәтерлер, бау-бақшадағы шағын үйді) газдандыруды өз бетінше жүргізуге, газ аспаптарының, баллон мен бекіту арматураларының орнын ауыстыруға, алмастыруға және жөндеуге. Кез-келген газ жүйесін құрастыру тек мамандандырылған ұйыммен жүргізілуі тиіс.

• Сәйкесінше ұйымдардың келісімінсіз, газ аспаптары орнатылған орынжайды қайта жоспарлауды жүзеге асыруға.

• Газ аспаптары орнатылған орынжайларды ұйықтау мен демалу үшін қолдануға.

• Газ шығын анықтау үшін ашық отты пайдалануға (газ шығуды анықтау сабын эмульсиясымен немесе арнайы аспаппен жүргізіледі).

• Түтін мен желдету жүйелерінің құрылысын өзгертуге.

• Екі қабаттан көп қабаттары бар тұрғын ғимараттарының пәтерлерінде баллондарды орналастыруға тыйым салынады.

• Желдету арналарын бітеп тастауға, түтіндіктерді тазалауға арналған «қалталар» мен люктерді бітеп немесе сылап тастауға.

Газды тұрмыста қолдану Ережелерін бұзған тұлғалар қолданыстағы заңнамаға сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Өрт шыққан кезде не істеу керек?

Өрт шыққанын білгенде...

Өрттің ауқымы кішкентай болса, крандағы сумен, болмаса қалың дымқыл матамен өшіруге тырысыңыз;

Өрт ауқымды болса, 101 нөміріне хабарласып, өрт шыққан мекен-жайды, ненің қалай жанып жатқанын айтыңыз. Өзіңіздің атыңыз бен нөміріңізді де беріңіз. Ол өрт сөндірушілерді күтіп алып, өрт ошағына жедел апаруға керек. «Менен де басқалар хабарласқан шығар», -деп отыруға болмайды;

Ғимараттағы барлық тоқ көздерін ажыратып, газ құбырларын жабыңыз;

Егер өрт көп қабатты ғимараттың төменгі қабатында шықса, ғимараттың жоғарғы қабатына немесе төбесіне шығып, көмек күту керек;

Далаға шығу жолдарында от болмаса, тез арада ғимаратты тас-тап шығыңыз;

Өрт шыққан аумақтан өту үшін синтетикалық киімдерді шешіп, орнына жүн немесе мақтадан тігілген киім кию керек. Киімдерді сулап, басыңызға ішік, жейде, орамал сынды қалың дымқыл жамылғы жабыңыз. Дәл осылай мұрныңыз бен ауызыңызды да жабу керек.

Ол түтіннен уланып қалудың алдын алады;

Есіктерді қатты жабыңыз. Себебі от оттегі келіп, жел соққан сайын өрши түседі;

Түтіннің арасынан еңкейіп, тізерлеп немесе бүк түсіп өту керек;

Пәтерден шықпас бұрын есіктің ар жағында оттың бар-жоғын тексеріңіз. Ол үшін есікке жақын барып, оның тұтқасы сияқты металды жерлерін ұстап көріңіз. Ол ыстық болса, есікті ашаңыз. Керісінше, есіктің саңылауларын дымқыл матамен бітеп тастаңыз.

Есіктің бер жағына су шашыңыз;

Ауыз-мұрныңызды дымқыл матамен жауып, пәтердегі барлық адамдарды балконға алып шығыңыз. Балкон болмаған жағдайда, терезені ашып, сырттағыларға белгі беріңіз.

Олардың сізді естігеніне сенімді болсаңыз, барлық адамдарды алып, жуыну бөлмесіне кіріп, есігін ішінен мықтап жабыңыз. Ол жерде суды ағызып, үстілеріңіздегі барлық киімді сулау керек. Сол жерде көмек күтіңіз;

Өрт шатырда немесе жөндеу шықса, өрт сөндірушілерді шақырып, олар келгенше өрт шыққан аумаққа апаратын есік - терезелерді, люктерді жауып тастау керек;

Өрт шыққан үйден адамдарды эвакуациялау кезінде балалардың төсектің астына, сөрелер мен қуыстарға тығылып қалатынын естен шығармаңыз.

А.ҚАДЫРМОЛДАНОВ, Ақсу ауданының ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Құттықтаймыз!



қызметкері, қадірлі де асыл ана **АРЫСТАНБЕКОВА Сәуле Жұмағалиқызы** зейнеткерлік жасқа толып отыр.

Сіздің балабақшаға сіңірген еңбегіңіз ұшан - теңіз деп білеміз.

Зейнет жасқа жетіп кепсіз зымырап,
Бірақ қимыл әлі жастай зымыр — ақ.
Еңбегіңіз зейнет болсын ендігі
Күндеріңіз мұң салмасын қырындап.
Осы жасқа жеткен де бар, жетпеген...
Жаратқанның нұры Сізде көктеген.
Зейнет жастың бар қызығын көрсетсін,
Көңіл деген көркем кейіп көк дөнен.

Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын!

Жасаған еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Ендігі сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай — сырқамай немере, шөберенің ортасында аяулы әже деген атты иеленіп жүре беріңіз! Құрметті демалысыңыз, қуанышыңыз құтты болсын!

«Әркімнің өз дара жолы бар», - екенін оны кәсіби шеберлікті шыңдауда ойы мен сөзі бір жерден шығып және ісінен айқын көрініп тұратынын, өзі үшін емес өзгелер үшін, жас ұрпаққа және әріптестеріне, еліне, ұлтына берген пайдасымен ортамызға сыйлы болған әріптесіміз, құрметті ұстаз, бала бағбаны, «Қарлығаш» бөбекжайының

Сондай - ақ, балабақшамыздың беделді қызметкерлерінің бірі, педагог - психолог **БИЖУМАНОВА Жанар Жайлаубекқызының** да туған күні.

Жанар Жайлаубекқызы Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, кіршіксіз көңілден шыққан ізгі тілектерімізді жолдаймыз!

Ұжымда адал еңбеккер, ортасына сыйлы әріптес, отбасында мейірімді ана, асыл жар бола білген өзіңіздей абзал жанға осындай қуанышты күні ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз.

Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын, жанарыңыздан әрдайым нұр себелеп, жаныңыз шаттыққа кенелсін демекпіз. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық - қуаныш арылмасын!

Сіз өнегелі еңбегіңізбен, тындырымды ісіңізбен және қарапайым да парасатты мінезіңізбен үлкен абырой - беделге ие болған ұжымымыздың тәжірибелі, үздік маманысыз. Туған күніңіз құтты болсын!

Әрдайым еңбегіңіз жана берсін, жаңа биік жетістік шыңдарына көтеріле беріңіз



деп тілейміз.
Елу деген – ердің жасы еңселі,
Елу деген – парасаттың өлшемі - дегендей.
Тірлік – теңіз, ес елудің ескегін,
Өнге толсын, күйге толсын кештерің,
Шын жүректен бақыт тілеп сарқылмас,
Құттықтайды барша өріптестерің.

**ІЗГІ ТІЛЕКПЕН:
«ҚАРЛЫҒАШ»
БӨБЕКЖАЙЫНЫҢ ҰЖИМЫ.**

9 ҚАЗАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ПОШТА КҮНІ!

“Қазпошта” АҚ-ы құрылғанына 31 жыл!



9 қазан – Дүниежүзілік пошта күні. Біріккен Ұлттар Ұйымы ауқымында атап өтілетін бұл күн 1969 жылы пошташылардың Токиода өткен конгресінде ресми бекітілген. Қазақтың алғашқы пошта қызметі 1993 жылы 5 сәуірде құрылған. «Қазпошта» АҚ-ы өз алдына еңсесін көтеріп құрылғанына 31 жыл толу мерекесін атап өткелі отыр.

Міне, еліміз тәуелсіздік алған жылдар аралығында халыққа мінсіз қызмет көрсетіп келе жатқан Ақсу аудандық пошта байланыс

торабының қол жеткізген жетістіктері де бір төбе.

Ал, кәсіби мереке тұсында пошта саласында бұрын қызмет еткен ардагерлерді, қазіргі таңда еңбек етіп жатқан әріптестерді шын жүректен құттықтаймын. Оларға сапалы қызметі, табысты еңбектері үшін өз алғысымды білдіремін. Денсаулығы мықты, өмірлері нұрлы болып, отбасыларына әрдайым бақыт - береке орнасын!

Жанна ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
аудандық Пошта байланыс торабының басшысы.

АУЫЛЫМ - алтын бесігім



Туған жердің қадірін әркім әртүрлі түсінеді. Менің туған ауылым - Құрақсу ауылы. Ол Ақсу ауданының қиыр шетінде, аудан орталығынан 180 шақырым жерде орналасқан. Табиғатына келсек – ауасы таза, көлдерінде түрлі балығы шапшыған, орма-

нында әртүрлі құстар мен аңдар да бар. Жері құмдауым болса да сан түрлі өсімдіктер өседі. Оның ішінде дәрілік шөптері де жетерлік. Мысалы, тәтті түбірлі мия, итмұрын, жалбыз, жолжелкен, иірмен, қызыл мия, жантақ, көрі қыз тағы басқа көптеген пайдалы өсімдіктері бар.

Осы табиғатқа орасан зор зиян әкелетін орман өрті және адамдардың күнделікті тұрмыста қолданатын қоқыс қалдықтары. Сол себепті табиғатқа шыққанда мейлінше сақ болуымыз керек. Ауылымыздың табиғатын келешек ұрпаққа мұра етіп қалдыру міндетіміз болып саналады.

Серік МҰХАМБЕКОВ,
«Бөрлітөбе» ОШКММ
«Құрақсу» орман шаруашылығының орман шебері.

Жемқорлыққа қарсы іс - қимыл



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өз өкілеттіктері шегіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою жөніндегі, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп - тексеру және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимылдың мақсаты қоғамда сыбайлас жемқорлықты жою болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

- 1) қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл субъектілерінің өзара іс - қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл жөніндегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп - тексеру міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

АҚСУ АУДАНЫ БОЙЫНША МЕМЛЕКЕТТІК КІРІСТЕР БАСҚАРМАСЫ.

"АҚСУ Өңірі" Меншік иесі - ЖШС "Ақсу өңірі" газеті" Құрылтайшы, директор - бас редакторы ҚАСЫМБЕКОВА ЛӘЗЗАТ ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде

Тапсырыс 488 Осы шығарылымның таралымы 2209

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.

Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz

Индекс: 65750 Офсеттік басылым көлемі 26 т.